Ленин туы

Шығуына 25-ші жыл
№ 25 (6726)
1944 жыл
Жұма
4 февраль
Бағасы 20 тыйын

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің органы

Совет жерін неміс басқыншылардан тез арада толық тазарту үшін Қызыл Армия мен Соғыс-Теңіз Флотының қолында мүмкіншіліктердің бәрі де бар.

И. СТАЛИН

СССРстың бірінші сайланған Жоғарғы Советінің X-сессиясы

ҮЛТТАР СОВЕТІНДЕ

СССРстың 1944 жылға арналған мемлекеттік бюджеті туралы баяндама бойынша жарыс сөз

Депутат Қазақбаевтың сөзі

Депутат жолдастар!

Біз Советтік Социалистік Республикалар Союзының мемлекеттік бюджетінің жоспарын данышпан қолбасшы Советтер Союзының Маршалы Сталин жолдастың басшылығымен батыр Қызыл Армия кеше фашист басқыншыларды талқандап жатқан кезде талқылап отырмыз. Туысқандары орыстармен, украиндармен, белорустармен, грузиндермен, өзбектермен, тәжіктермен қол ұстаса отырып өзінің бостандығын, намысы мен тәуелсіздігін қорғап қалу үшін өзінің сүйікті советтік отанын қорғау үшін Қазақстанда құрылған полктар мен дивизиялар Ұлы Сталиннің алғашқы шақыруында-ақ майданға аттанды.

Отан соғысының майдандарында қазақ халқының көптеген ұлдары өшпес даңққа бөленді, ерлік, жүрек тілік, батырлық көрсетті. Қазақстанда құрылған әскери құрамаларының бесеуіне Сталиндік зор баға берілді, олар гвардия атағын алды.

Қазақстан өзінің батыр ұлдарын —Советтер Союзының Батырлары Төлеген Тоқтаровты, Мәлік Рабдуллинді, Аблай Әлімбетовты, Сергей Луганскийді мақтан етеді. 257 немісті өлтірген қазақ мергені Әбдібековты бүкіл совет елі біледі.

Москваны, Сталинградты, Орелді, Курскіні жан аямай қорғағаны үшін, Днепрден өтуде ұрпаққа жыр боларлық ерліктер істегені үшін қазақ жауынгерлерінен 80нен аса адам Советтер Союзының Батыры деген ардақты атаққа ие болды.

Қазақ жауынгерлерінің ой-пікірі біреу—ол неміс қанішерлерден істеген барлық жауыздық қылмыстары үшін, әйелдерді, балалар мен қарттарды айуандықпен қырғаны үшін, жастарды құлдыққа әкеткені үшін, фашист жауыздар бейбіт совет елін дүшар еткен апат пен азаптың барлығы үшін аяусыз кек алу. Қазақ жауынгерлері өзінің социалистік отанының жауларына қаны қас өшпенді.

Депутат жолдастар! Қазақ еңбекшілерінің өз отанына деген ұлы Сталинге деген сүйіспеншілігі, Көсемге рухтанған Қазақ еңбекшілері Қазақстанды еліміз бен Қызыл Армияның айбынды ордасына айналдырды. «Советтік отанымыз үшін!» деген жауынгерлік ұран майданның алдыңғы шебінде де, жауды жеңу күшін шындалып жатқан алыс тағы тылда да бірдей естіледі.

Республикамыздың еңбекшілері бүкіл Советтер Союзының еңбекшілерімен бірге бұрын-соңды болып көрмеген қайтпас қажырлылық көрсетіп, майдан мен еліміз неміс басқыншыларды жеңуге керекті нәрсенің бәрін беру үшін күресуде. Совет халқы кездескен қатал сын біздің жеңіске деген жігерімізді бұрынғыдан да шынықтырды, біздің жауынгерлік рухымызды, жеңіс жолындағы, отанымыздың тәуелсіздігі жолындағы—қандай құрбандық тан болса да қайтпауға әзірлігімізді бұрынғыдан да арттырды.

Қазақстанның колхозды шаруаларының қазіргі қайрат жұмсаған талабы біреу—ол жеңіске хажетті нәрсенің бәрін—астықты, күріштi, етті, майды, жүнді, мақтаны, темекіні, қантты, овощты, жемісті, мал және дәрі-дәрмек өсімдіктерін майданға көп беру.

Қазақстанның колхоздарымен соб хоздарында Қызыл Армия мен еліміз үшін өндірген продукцияның бұдан басқа түрлері де көп.

Еңбекке жарайтын колхозшылармен маман кадрлардың—трактористердің, комбайнерлердің, едәуір бөлегі Қызыл Армияға кеткеніне қарамастан, республикамыздың колхоздарында соғыстың алғашқы екі жылында егіс көлемі 1 миллион 100 мың гектардан аса артты. Соғыстың, екі жылы ішінде Қазақстанның ауыл шаруашылығы еліміз бен майданға 34 миллион пұт астық, 1 миллион 5300 центнер қант қызылшасын соғыстан бұрынғы екі жыл ішіндегіден артық берді.

Соғыстың 3 жылы ішінде Қазақстанның колхоздары Қызыл Армия мен елімізге 114 мың тонна картоф пен овощты соғыстың алдындағы 3 жыл ішіндегіден артық берді.

Ауа райының қолайсыз болғанына қарамастан, 1943 жылы республикамыздың, 54 ауданы, 2200ден аса колхозы мемлекетке астық тапсыру планын мерзімінен бұрын орындады. Қарағанды облысының бір өзі мемлекетке астық сату ретімен 600 мың пұттан астам астық берді.

Қазақстанның ауылшаруашылығының аса маңызды саласы болып отырған республикамыздың мал шаруашылығы да соғыс жылдарында өркендеп өсуде болды. Отан соғысы кезінде Қазақ ССРында сиыр малының саны 514 мың бас, қой мен ешкі саны 2370 мың бас, шошқа саны—54 мың бас, жылқы саны 60 мың бас артты.

Республикамыздың колхоздары мал санын арттырумен қатар мемлекетке ет, сүт, жүн, мал шаруашылығының тағы басқа продуктыларын бұрынғыдан да көп берді. Соғыстан бұрынғы 3 жыл ішіндегіден етті 1 миллион 76 мың центнер, сүтті 1 миллион 640 мың центнер, жүнді 86 мың центнер артық берді.

Қазақстан отан соғысы жылдарында майданды аса бағалы отан қорғау — соғыс продукциясымен жабдықтайтын негізгі базаның біріне айналды.

Ембі мұнайшылары майданға жоғары сортты мұнай беруде. Елімізді қорғауда Қазақстанның түсті металлургиясының маңызы зор. Соғыс жылдарында республикамыздың кәсіп орындарында мыс қорыту едәуір арты. Сирек кездесетін металдарды, вольфрам, молибден, калмия тағы басқаларын сияқты металдарды өндіру жұмысы кең көлемде ұйымдастырылды.

Соғыс кезінің қыйыншылықтарына қарамастан Қазақстанда соғыс жылдары ішінде түсті және қара металлургияның бірсыпыра жаңа кәсіп орындары салынды. 1943 жылы Ақтөбедегі перросплав өндірісі заводының бірінші кезегі пайдалануға берілді. Бұл заводтың, бірінші кезегі жұмысқа қосылғаннан бергі жерде сан мың тонналаған перрохром берді. Жезқазғанның жылына 240 мың тонна руда беретін марганец рудиігі салынып, пайдалануға берілді. Қарағандыда металды қайта өндейтін металлургия заводы салынып жатыр, ол жылына 60 мың тонна болатты, 60 мың тонна сортты прокатты өндейтін болмақ. Текелі қорғасын құрыш комбинатының, құрылысы аяқталып келеді.

Соғыстан бұрынғы жылдың өзінде еліміздің халық шаруашылығынан аса маңызды орын алған Қазақстанның көмір өндірісі соғыс кезінде бұрынғыдан да маңызды орын алатын болды. Партия, үкмет, Сталин жолдастың өзі үнемі көмектесіп отырған Қазақстанның көміршілері едәуір табысқа жетті. Көмір жылдан-жылға көп шығарылуда 1943 жылы көмір шығару планы 100,5 процент орындалды, 1940-жылға қарағанда 3 миллион 256 мың тонна көмір артық өндірілді.

Отан соғысы жылдарында Қазақстанға көшіріліп апарылған кәсіп орындары негізінде отан қорғау өнеркәсібі жасалып өркендетілуде.

1943 жылы республикалық жергілікті және кооперация өнеркәсібі жұмысты жақсы істеді, 1943 жылғы мемлекеттік планды 100,1 процент орындап, 1942 жылға қарағанда 68 миллион 872 мың сомның продукциясын артық шығарды. Мұның өзінде жеті Халық Комиссариаты және жергілікті өнеркәсіп орындары жылдық өндіріс планын мерзімінен бұрын орындады.

Қазақстанның өнеркәсіп қызметкерлерінің табысы аз емес, бірақ қол жеткен табыстарға қанағаттанып қала алмаймыз. Майдан бізден көп істеуді талап етеді. Қазақстанның жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлерінің, міндеті — әлі де жойылмаған кемшіліктерді батыл жою, еңбек өнімділігін үздіксіз арттыра беру, партия мен үкметтің барлық тапсырмасының сөзсіз орындалуын, асыра орындауын қамтамасыз ету болады.

Депутат жолдастар! Сталин жолдас неміс басқыншылардан азат етілген аудандарда немістер істеген жауыздықтың салдарын жою бүкіл халықтық зор міндет деп көрсетті.

Бұл міндетті шешуге шын ықласымен қатыса отырып, республикамыздың колхоздары 1943 жылы азат етілген аудандарға 38 мың, бас сиыр малын, 175 мың бас қой мен ешкі, 3400 шошқа, 8 мың 400 ат, барлығы 225 мың бас мал берді. 1944 жылы Қазақстанның колхоздары азат етілген аудандарға көмек ретінде 125 мың бас сиыр малын, 150 мың қой, 23 мың бас жұмыс көлігін, 20 мың шошқа бермек болып отыр.

Сонымен, неміс басқыншылардан азат етілген аудандарда мал шаруашылығын қалпына келтіруге Қазақстанның колхозшылары жарты миллионнан аса мал беретін болып отыр.

Республикамыздың еңбекшілері өз еркімен Орел облысын қамқорлыққа алды. Орелдықтар немістер ойрандаған шаруашылықты қалпына келтіруге шын ықласпен кірісіп отыр. Қазақстанның еңбекшілері Орел облысына жіберуге 100 мың бастан аса мал, әртүрлі 340 станок, ауылшаруашылығының, әртүрлі 3950 машинасы мен саймандарын жөнелтуге түгел әзірлеп қойды. Мұның үстіне 31362 дана әртүрлі киім, 87718 пұт азық-түлік, 5150 дана мәдениет құралдары жиналды, 71 әлеуметтік-мәдени мекеме ұйымдастырылуға жабдық бөлінді, 3 миллион сомнан аса ақша жиналды.

Бұл көмек совет елінің халықтарының байланысы беріктігінің, мызғымас достығы мен туысқандығының, олар жауды жеңуге берік бел байлап отырғанының, айқын бейнесі болып табылады.

Депутат жолдастар! Өнеркәсібі мен ауылшаруашылығының жалпы продукциясының артық шығарылуы республикалық бюджеттің, кіріс статьяларының орындалуын қамтамасыз етіп қана қоймай, оның үстіне пландық тапсырмаларды едәуір асыра орындауына мүмкіндік берді. Қазақ ССРның мемлекеттік бюджеті 1941—1943 жылдары кіріс жағынан 101 процент орындалды. Өнеркәсібінің, коммуналдық шаруашылықтың, ауылшаруашылығының пайдасынан бөлінетін қаржы 105,9 процентке жетті, мемлекеттік заемдардан бөлінетін қаржы 102,1 процентке жетті.

Соғыс материалдық және ақша қаражатын орасан көп жұмсауды талап етеді. Бірақ осыған қарамастан СССРстың 1944 жылға арналған мемлекеттік бюджетінің жоспарында және союздық республикалардың бюджеттерінде әлеуметтік-мәдени

(Жалғасы 2-бетте).

Ленин туы

Шығуына 25-ші жыл
№ 25 (6726)
1944 жыл
Жұма
4 февраль
Бағасы 20 тыйын

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің органы

Совет жерін неміс басқыншылардан тез арада толық тазарту үшін Қызыл Армия мен Соғыс-Теңіз Флотының қолында мүмкіншіліктердің бәрі де бар.

И. СТАЛИН

СССРстың бірінші сайланған Жоғарғы Советінің X-сессиясы

ҮЛТТАР СОВЕТІНДЕ

СССРстың 1944 жылға арналған мемлекеттік бюджеті туралы баяндама бойынша жарыс сөз

Депутат Қазақбаевтың сөзі

Депутат жолдастар!

Біз Советтік Социалистік Республикалар Союзының мемлекеттік бюджетінің жоспарын данышпан қолбасшы Советтер Союзының Маршалы Сталин жолдастың басшылығымен батыр Қызыл Армия кеше фашист басқыншыларды талқандап жатқан кезде талқылап отырмыз. Туысқандары орыстармен, украиндармен, белорустармен, грузиндермен, өзбектермен, тәжіктермен қол ұстаса отырып өзінің бостандығын, намысы мен тәуелсіздігін қорғап қалу үшін өзінің сүйікті советтік отанын қорғау үшін Қазақстанда құрылған полктар мен дивизиялар Ұлы Сталиннің алғашқы шақыруында-ақ майданға аттанды.

Отан соғысының майдандарында қазақ халқының көптеген ұлдары өшпес данққа бөленді, ерлік, жүрек тілік, батырлық көрсетті. Қазақстанда құрылған әскери құрамаларының бесеуіне Сталиндік зор баға берілді, олар гвардия атағын алды.

Қазақстан өзінің батыр ұлдарын—Советтер Союзының Батырлары Төлеген Тоқтаровты, Мәлік Ғабдуллинді, Аблай Әлімбетовты, Сергей Луганскийді мақтан етеді. 257 немісті өлтірген қазақ мергені Әбдібековты бүкіл совет елі біледі.

Москваны, Сталинградты, Орелді, Курскіні жан аямай қорғағаны үшін, Днепрден өтуде ұрпаққа жыр боларлық ерліктер істегені үшін қазақ жауынгерлерінен 80нен аса адам Советтер Союзының Батыры деген ардақты атаққа ие болды.

Қазақ жауынгерлерінің ой-пікірі біреу—ол неміс қанішерлерден істеген барлық жауыздық қылмыстары үшін, әйелдерді, балалар мен қарттарды айуандықпен қырғаны үшін, жастарды құлдыққа әкеткені үшін, фашист жауыздар бейбіт совет елін дүшар еткен апат пен азаптың барлығы үшін аяусыз кек алу. Қазақ жауынгерлері өзінің социалистік отанының жауларына қаны қас өшпенді.

Депутат жолдастар! Қазақ еңбекшілерінің өз отанына деген ұлы Сталинге деген сүйіспеншілігі, Көсемге рухтанған Қазақ еңбекшілері Қазақстанды еліміз бен Қызыл Армияның айбынды ордасына айналдырды. «Советтік отанымыз үшін!» деген жауынгерлік ұран майданның алдыңғы шебінде де, жауды жеңу күшін шындалып жатқан алыс тағы тылға да бірдей естіледі.

Республикамыздың еңбекшілері бүкіл Советтер Союзының еңбекшілерімен бірге бұрын-соңды болып көрмеген қайтпас қажырлылық көрсетіп, майдан мен елімізге неміс басқыншыларды жеңуге керекті нәрсенің бәрін беру үшін күресуде. Совет халқы кездескен қатал сын біздің жеңіске деген жігерімізді бұрынғыдан да шынықтырды, біздің жауынгерлік рухымызды, жеңіс жолындағы, отанымыздың тәуелсіздігі жолындағы—қандай құрбандық тан болса да қайтпауға әзірлігімізді бұрынғыдан да арттырды.

Қазақстанның колхозды шаруаларының қазіргі қайрат жұмсаған талабы біреу—ол жеңіске хажетті нәрсенің бәрін—астықты, күріштi, етті, майды, жүнді, мақтаны, темекіні, қантты, овощты, жемісті, мал және дәрі-дәрмек өсімдіктерін майданға көп беру.

Қазақстанның колхоздарымен соб хоздарында Қызыл Армия мен еліміз үшін өндірген продукцияның бұдан басқа түрлері де көп.

Еңбекке жарайтын колхозшылармен маман кадрлардың—трактористердің, комбайнерлердің, едәуір бөлегі Қызыл Армияға кеткеніне қарамастан, республикамыздың колхоздарында соғыстың алғашқы екі жылында егіс көлемі 1 миллион 100 мың гектардан аса артты. Соғыстың, екі жылы ішінде Қазақстанның ауыл шаруашылығы еліміз бен майданға 34 миллион пұт астық, 1 миллион 5300 центнер қант қызылшасын соғыстан бұрынғы екі жыл ішіндегіден артық берді.

Соғыстың 3 жылы ішінде Қазақстанның колхоздары Қызыл Армия мен елімізге 114 мың тонна картоф пен овощты соғыстың алдындағы 3 жыл ішіндегіден артық берді.

Ауа райының қолайсыз болғанына қарамастан, 1943 жылы республикамыздың, 54 ауданы, 2200ден аса колхозы мемлекетке астық тапсыру планын мерзімінен бұрын орын дады. Қарағанды облысының бір өзі мемлекетке астық сату ретімен 600 мың пұттан астам астық берді.

Қазақстанның ауылшаруашылығының аса маңызды саласы болып отырған республикамыздың мал шаруашылығы да соғыс жылдарында өркендеп өсуде болды. Отан соғысы кезінде Қазақ ССРында сиыр малының саны 514 мың бас, қой мен ешкі саны 2370 мың бас, шошқа саны—54 мың бас, жылқы саны 60 мың бас артты.

Республикамыздың колхоздары мал санын арттырумен қатар мемлекетке ет, сүт, жүн, мал шаруашылығының тағы басқа продуктыларын бұрынғыдан да көп берді. Соғыстан бұрынғы 3 жыл ішіндегіден етті 1 миллион 76 мың центнер, сүтті 1 миллион 640 мың центнер, жүнді 86 мың центнер артық берді.

Қазақстан отан соғысы жылдарында майданды аса бағалы отан қорғау — соғыс продукциясымен жабдықтайтын негізгі базаның біріне айналды.

Ембі мұнайшылары майданға жоғары сортты мұнай беруде. Еліміздi қорғауда Қазақстанның түсті металлургиясының маңызы зор. Соғыс жылдарында республикамыздың кәсіп орындарында мыс қорыту едәуір арты. Сирек кездесетін металдарды, вольфрам, молибден, калмия тағы басқаларын сияқты металдарды өндіру жұмысы кең көлемде ұйымдастырылды.

Соғыс кезінің қыйыншылықтарына қарамастан Қазақстанда соғыс жылдары ішінде түсті және қара металлургияның бірсыпыра жаңа кәсіп орындары салынды. 1943 жылы Ақтөбедегі перросплав өндірісі заводының бірінші кезегі пайдалануға берілді. Бұл заводтың, бірінші кезегі жұмысқа қосылғаннан бергі жерде сан мың тонналаған перрохром берді. Жезқазғанның жылына 240 мың тонна руда беретін марганец руднигі салынып, пайдалануға берілді. Қарағандыда металды қайта өндейтін металлургия заводы салынып жатыр, ол жылына 60 мың тонна болатты, 60 мың тонна сортты прокатты өндейтін болмақ. Текелі қорғасын құрыш комбинатының, құрылысы аяқталып келеді.

Соғыстан бұрынғы жылдың өзінде еліміздің, халық шаруашылығынан аса маңызды орын алған Қазақстанның көмір өндірісі соғыс кезінде бұрынғыдан да маңызды орын алатын болды. Партия, үкмет, Сталин жолдастың өзі үнемі көмектесіп отырған Қазақстанның көміршілері едәуір табысқа жетті. Көмір жылдан-жылға көп шығарылуда 1943 жылы көмір шығару планы 100,5 процент орындалды, 1940-жылға қарағанда 3 миллион 256 мың тонна көмір артық өндірілді.

Отан соғысы жылдарында Қазақстанға көшіріліп апарылған кәсіп орындары негізінде отан қорғау өнеркәсібі жасалып өркендетілуде.

1943 жылы республикалық жергілікті және кооперация өнеркәсібі жұмысты жақсы істеді, 1943 жылғы мемлекеттік планды 100,1 процент орындап, 1942 жылға қарағанда 68 миллион 872 мың сомның продукциясын артық шығарды. Мұның өзінде жеті Халық Комиссариаты және жергілікті өнеркәсіп орындары жылдық өндіріс планын мерзімінен бұрын орындады.

Қазақстанның өнеркәсіп қызметкерлерінің табысы аз емес, бірақ қол жеткен табыстарға қанағаттанып қала алмаймыз. Майдан бізден көп істеуді талап етеді. Қазақстанның жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлерінің, міндеті — әлі де жойылмаған кемшіліктерді батыл жою, еңбек өнімділігін үздіксіз арттыра беру, партия мен үкметтің барлық тапсырмасының сөзсіз орындалуын, асыра орындауын қамтамасыз ету болады.

Депутат жолдастар! Сталин жолдас неміс басқыншылардан азат етілген аудандарда немістер істеген жауыздықтың салдарын жою бүкіл халықтық зор міндет деп көрсетті.

Бұл міндетті шешуге шын ықласымен қатыса отырып, республикамыздың колхоздары 1943 жылы азат етілген аудандарға 38 мың, бас сиыр малын, 175 мың бас қой мен ешкі, 3400 шошқа, 8 мың 400 ат, барлығы 225 мың бас мал берді. 1944 жылы Қазақстанның колхоздары азат етілген аудандарға көмек ретінде 125 мың бас сиыр малын, 150 мың қой, 23 мың бас жұмыс көлігін, 20 мың шошқа бермек болып отыр.

Сонымен, неміс басқыншылардан азат етілген аудандарда мал шаруашылығын қалпына келтіруге Қазақстанның колхозшылары жарты миллионнан аса мал беретін болып отыр.

Республикамыздың еңбекшілері өз еркімен Орел облысын көмкорлыққа алды. Орелдықтар немістер ойрандаған шаруашылықты қалпына келтіруге шын ықласпен кірісіп отыр. Қазақстанның еңбекшілері Орел облысына жіберуге 100 мың бастан аса мал, әртүрлі 340 станок, ауылшаруашылығының әртүрлі 3950 машинасы мен саймандарын жөнелтуге түгел әзірлеп қойды. Мұның үстіне 31362 дана әртүрлі киім, 87718 пұт азық-түлік, 5150 дана мәдениет құралдары жиналды, 71 әлеуметтік-мәдени мекеме ұйымдастырылуға жабдық бөлінді, 3 миллион сомнан аса ақша жиналды.

Бұл көмек совет елінің халықтарының байланысы беріктігінің, мызғымас достығы мен туысқандығының, олар жауды жеңуге берік бел байлап отырғанының, айқын бейнесі болып табылады.

Депутат жолдастар! Өнеркәсібі мен ауылшаруашылығының жалпы продукциясының артық шығарылуы республикалық бюджеттің, кіріс статьяларының орындалуын қамтамасыз етіп қана қоймай, оның үстіне пландық тапсырмаларды едәуір асыра орындауына мүмкіндік берді. Қазақ ССРның мемлекеттік бюджеті 1941—1943 жылдары кіріс жағынан 101 процент орындалды. Өнеркәсібінің, коммуналдық шаруашылықтың, ауылшаруашылығының пайдасынан бөлінетін қаржы 105,9 процентке жетті, мемлекеттік заемдардан бөлінетін қаржы 102,1 процентке жетті.

Соғыс материалдық және ақша қаражатын аса көп жұмсауды талап етеді. Бірақ осыған қарамастан СССРстың 1944 жылға арналған мемлекеттік бюджетінің жоспарында және союздық республикалардың бюджеттерінде әлеуметтік-мәдени

(Жалғасы 2-бетте).

ССРСтың бірінші сайланған Жоғарғы Советінің X-сессиясы

ҮЛТТАР СОВЕТІНДЕ

ССРСтың 1944 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ЖАҢЫС СӨЗ

ДЕПУТАТ ҚАЗАҚБАЕВТЫҢ СӨЗІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

шараларға жұмсалатын қаржы мөлшері едәуір артып отыр. Мұның өзі біздің республикамыздың бюджетінен ерекше айқын көрінеді. 1944 жылы бюджетіміз 1943 жылға қарағанда 28,5 процент артқан болса, ал ағарту ісіне жұмсалатын қаржы 55 процент, ғылымға—29 процент, баспа сөзге жұмсалатын қаржы 35 процент артып отыр. Әлеуметтік-мәдени шараларға бөлінген қаржының мұндай көбеюі жаңадан мектептер, оқу үйлерін, балалар мекемелерін, балалар бақшаларын мен яслилерін ашуға, ауруханаларда орын санын көбейуге, Қазақстанда ғылми-зерттеу жұмысын зор көлемде жүргізуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның интеллигенциясы барлық күші мен білімін отан қызметіне, майданға көмекті барынша күшейте беруге жұмсап келеді.

ССРС Ғылым Академиясының президенті Комаров басқарған комиссиясы Қазақстанның жаратылыс байлықтарын елімізді қорғау ісіне пайдалану жөнінде көп жұмыс атқарды. Соғыс жылдары академик Комаровтың комиссиясы қазіргі бар кәсіп орындарында өндіріс көлемін арттыру, Қазақстанда жаңа кәсіп орындарын салу жөнінде бағалы ұсыныстар жасады. Қазақстанда зор игілікті жұмыстар жүргізгені үшін ССР Союзының Орталық ғылми-зерттеу мекемелерінің қызметкерлері коллективіне, еңалдымен академик Комаровқа қазақ халқы атынан жалынды алғыс жолдаймын.

Депутат жолдастар! Отанымыздың майдан мен тылының байланысы мызғымас берік. Бұл байланыстың әртүрлі жолы бар. Республикамыздың еңбекшілері майданға екі миллионнан аса жылы киім, 1600 вагоннан аса әртүрлі сыйлықтар жыйнап жіберді. 1943 жылдың өзінде майданға 600 вагон сыйлық жөнелтілді.

Біздің Ленинградпен байланысымыз ерекше күшті. Ленинград қаласына жау тақалып қалған күндерде Қазақстанның барлық қалаларында, аудандарында, колхоздарында, кәсіп орындарында Ленинградқа көмектесу ұранымен сансыз митингілер өтті. Біздің республикамызда Ленинградтықтарға көмектесуге әзірлігін білдірмеген бірде-бір еңбекші жоқ десек, онымыз асыра айтқандық болмайды.

Қазақстанның халқы Ленинградтықтарға сыйлықтар жыйнады. Ақын дәр өлеңдер шығарды, халық ақындары Ленин қаласын қорғаушы батырларды жырлады.

Республикамыздың өнеркәсібі Ленинградқа 300 вагоннан аса азықтүлік сыйлығын жіберді.

Қазақстан еңбекшілері өзінің сүйікті отанынан ешнәрсе аямайды. Қызыл Армия үшін соғыс машиналарын жасауға қаржы жыйну советтік патриотизмнің айқын сипаттамасы болды. Республикамыздың еңбекшілері «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасын, «Советтік Қазақстан» авиация эскадрильясын жасауға және елімізді отан қорғау қорына 653 миллион сом қаржы берді.

Қазақстан еңбекшілерінің мемлекеттік заемға жазылған цифры патриоттық жігердің зор бейнесін көрсетеді. 1943 жылы мемлекеттік екінші соғыс заемына жазылған Қазақстан мемлекетке қаржыны соғыстан бұрынғы жылдардан 4 есе артық берді.

Сталин жолдас 1943 жылы 6 ноябрьдегі баяндамасында былай деді: «Фашистік Германия ауыр дағдарысқа ұшырауда, ол апатқа ұшырайтын халге жетіп отыр». Москвада эскерлерімізге көрсеткен жеңісті хұрметтер оғы неміс фашизмінің, гитлер армиясының, «Европадағы жаңа тәртіптің» сөзсіз күйрейтінін қабарлайды. Біз жауды жеңетін сағат қашық емес. Біздің жеңіске ұлы көсеміміз, данышпан, қымбатты Сталин жолдас бастап келеді. (Қол шапалақтау).

Советтер Союзының басқа республикаларымен бірге Қазақстан жанқыярлық еңбегімен жеңіс күшін шындауда. Мызғымас берік совет құрылысы Қазақстанның шаруашылығы мен социалистік мәдениетін бұрын соңды болып көрмеген дәрежеде өркендеуін қамтамасыз етіп, республикамызды Қызыл Армияның қуатты қазынасына айналдырды. Советтер Союзының кас дұшпаны герман фашизміне қарсы күрес ісіне Қазақстан өзінің барлық күшін жұмсауда.

Депутат жолдастар! Мен, бюджет жоспары біздің негізгі міндеттерімізге, әділ ісіміз толық салтанат құрғанға дейін жауға қарсы рақымсыз күрес жүргізу міндеттеріне толық сәйкес жасалған деп білемін. Бюджеттің цифрлары—бүкіл совет халқының ерлік еңбегінің, аянбай жұмсаған қайрат жігерінің нәтижесі. Сондықтан да біз бұл цифрлардан совет елінің қуаты мен табысының, оның халықтарының мызғымас достығы мен ауызбірлігінің жаңа сипаттамасын көріп мақтан етеміз.

Союздық үкімет ұсынған, еліміздің барлық күш-қорын жеңіс ісіне бұрынғыдан да берік жұмсауды көздеген ССР Союзының 1944 жылға арналған мемлекеттік бюджетінің жоспары бекітілсін деп ұсынамын.

Совет халқы таяған жаркын жеңіс күнін, өзінің салтанат құратын күнін айқын көріп отыр. Біздің тез жеңіске жететінімізге совет халқының хасиетті күресін заманымыздың аскан ұлы адамы—көмегер Сталин басқарып отырғаны кепіл (Ду қол шапалақтау).

МАЛ КҮТІМІ ОЙДАҒЫДАЙ

Совет ауданындағы «Борьба за посев» колхозында мал қыстату жұмысы ойдағыдай жүріп жатыр. Мал қоралары жылы әрі жарық. Мал базаларына 2500 центнер пішен тасылды. Бірақ колхоз мұнымен тыныш қойған жоқ, мал азығын тасу үшін үш пар көлік бөлді.

Күлик жолдастың басқаруындағы звено мал азығын тасуда тамаша нәтижелерге жетуде. Звено күн сайын 30 центнер шөп тасыйды. Ал колхоз малының бір күн азықтануы үшін 21 центнер пішен керек. Сөйтіп колхозшылар боран және жазғы түргы аласпран кезінде пайдалану үшін мал азығының мол қорын жасады.

СӘЛІМОВ.

СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫНАН

2 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

2 февральда НАРВА бағытында эскерлеріміз шабуылды ойдағыдай орістете отырып, 40тан аса елді пунктті, оның ішінде УСТЬЛУГА, МЕЖНИКИ, КРАКОЛЬЕ, НОВАЯ ДЕРЕВНЯ, ВОЛКОВО, ВАНАКЮЛЯ, ФЕДОРОВКА, МОНАСТЫРЕК, ВОРОНОВО, ЧЕРНО, КРИВАЯ ЛУКА, БОРОВНЯ, МАЛАЯ ПОЛЯ, НИКОЛЬЩИНА елді пункттерін алды.

СИВЕРСКИЙДІҢ оңтүстік жағында эскерлеріміз шабуылды ұрыстар жүргізуде болды, бұл ұрыстардың нәтижесінде бірсыпыра елді пунктті алды.

ЛЮБАНЬНІҢ оңтүстік-батыс және оңтүстік жағында эскерлеріміз ұрыс жүргізе отырып алға басты, сөйтіп ТИГОДА, НОВАЯ ДЕРЕВНЯ, НАНЕЖНО, ОЛЬХОВКА елді пункттерін алды.

НОВГОРОДТЫҢ батыс және оңтүстік-батыс жағында эскерлеріміз дұшпанның қарсылығы мен қарсы атакаларын жеңе отырып, шабуылды ұрыстар жүргізуде болды, бұл ұрыстардың барысында бірнеше елді пунктті алды.

НОВОСОКОЛЬНИКИДІҢ батыс жағында эскерлеріміз ұрыс жүргізе отырып алға басты, сөйтіп МЕТАЛЬНИКОВО, ВАШКОВО, ГОРЫ, ТУМАШИ, БОРШОВО, ТЕРЕШКОВО, БУЛАДИНА елді пункттерін алды.

1 февральда эскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 85 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит артиллериясымен дұшпанның 34 самолеті атып түсірілді.

* * *

Нарва бағытында эскерлеріміз ойдағыдай шабуыл жасай отырып, 40тан аса елді пунктті алды. Н. құрамасының бөлімдері бір күнгі ұрыстарда немістердің 1.200 солдаты мен офицері қырды, Артиллериямыз жаяу эскер бөлімдеріміздің қыймылына көмектесе отырып, немістердің 9 танкін, 6 артиллерия батареясын және алты стволды 2 миномет батареясын жойды. Совет артиллеристері кері шегініп бара жатқан неміс колоннасына оқ жаудырып, жаудың жаяу эскерлер мінген 60 автомашинасын жойды.

***

Сиверский станциясының оңтүстік жағында эскерлеріміз шабуылды ұрыстар жүргізіп, бірнеше елді пунктті алды. Жаунгерлеріміз жаудың күшті бекіністі қорғану торабын алып, дұшпаннан 30 зеңбіректі, оның ішінде өздігінен жүретін 4 „Фердинанд" зенбірегін, 150 автомашинаны, 50 мотоциклді, тіркейтін шаналары мен 30 тягачты, 13 радиостанцияны, оқ-дәрі, жанармай және соғыс жабдықтары қойылған 15 складты, 4000нан аса авиация бомбасын және басқа олжаны қолға түсірді.

***

Любань қаласының оңтүстік-батыс және оңтүстік жағында эскерлеріміз ұрыс жүргізе отырып алға басты. Н. бөлімінің жаунгерлері батпақты жерден өтіп, немістердің тылына шықты, сөйтіп, дұшпанның кері шегініп бара жатқан колоннасын талқандады. Ұрыс болған жерде жаудың 500 өлігі қалды. Дұшпаннан алты стволды бірнеше миномет, көп пулемет, автоматтар және соғыс жүгі тиелген 200-дей ат-шана қолға түсірілді. Екінші бір ауданда тоғай ішіне тығылған едәуір гитлершілдер қолға түсірілді.

***

Новгородтың батыс және оңтүстік-батыс жағында немістер ірі тың күш алып келіп, қарсы атакаға шықты. Н. құрамасының бөлімдері гитлершілдердің қарсы атакасын тойтарды да ұрыс жүргізе отырып алға басты, сөйтіп бірнеше елді пунктті алды. Немістердің 600дей солдаты мен офицері жойылды. Екінші бір участкеде жүрдек отрядтарымыз дұшпанға тұтқыйылдан атака жасап, оның тіректі пунктін аллы және немістерден 11 зеңбіректі, тағы басқа олжаны қолға түсірді.

***

Новосокольникидің батыс жағында эскерлеріміз шабуылды ұрыстар жүргізді және дұшпанның катты қарсылығын жеңе отырып, бірнеше елді пунктті алды. Екінші бір участкеде совет бөлімшелері немістер үшін зор маңызы бар тас жолды кесіп өтті. Бір күнгі ұрыстарда дұшпанның бір полктей жаяу эскері жойылды. Немістерден 105 миллиметрлік 8 бүтін зеңбірек, 3 автомат зеңбірек, оқ-дәрі қойылған склад, соғыс мүлкі қойылған склад және басқа олжа қолға түсірілді.

Совет летчиктері ірі күшпен дұшпанның таяу тылына шабуыл жасап, немістердің 9 танкін, 40 шамалы зеңбірегін, жаяу эскерлері мінген, жүктері тиелген 150 автомашинасын жойды. Бомбалардың дәл түсуі нәтижесінде дұшпанның оқ-дәрі және жанармай қойылған бес склады талқандалды

* * *

Белоруссе партизандарының отрядтары январьдің 18нен 22не дейін 19 темір жол эшелонын құлатты. Немістердің 14 паровозы және 160 вагоны мен платформасы қыйратылды. Совет патриоттары осы уақыттың ішінде танкке қарсы ататын мылтықтардан оқ жаудырып, немістердің 13 паровозын саптан шығарды, 3 темір жол көпірін, қара жолдардағы 80 көпірін талқандады және дұшпанның 100ден аса автомашинасын жойды. Бір топ белорусс партизандары немістің аэродромына шабуыл жасады. Аэродромда жаудың 2 бомбардировщигі, бензин қойылған склады талқандалды және 29 неміс летчигі мен аэродром қызметінде жүрген 96 гитлершілді жойылды.

***

Ленинград майданында немістердің талқандалған дивизияларының штабтарынан көп олжа документтер қолға түсірілді. Бұл документтер, совет эскерлерінің ойдағыдай шабуыл жасауы неміс командованиесінің пландарының барлығын іске асырмай тастағандығын және гитлершілдер арасында абыржушылық, урейленушілік туғызғандығын дәмелдеп отыр. 15 январьда неміс армиясының солтүстіктегі эскер тобының колбасшысы генерал-фельдмаршал фон Кюхлер құраманың командиріне № 59814 күпия телеграмма жіберді, онда былай делінген: „Солтүстік майданда дұшпан бір мезгілде бірнеше жерден шабуыл бастады. Майданымыз бұл қорғану ұрыстарында ұтуға тиіс. Егер армиямыз бұрынғыдаңда көрі батылырақ болып өзінің ақырғы адамына дейін ұрысқа шығарса мұны істей алар еді". Бұдан бірнеше күн бұрын неміс дивизиясының командирлері де осындай әмір жазып шығарды. Мысалы, немістердің 11-жаяу-эскер дивизиясының командирі солдаттарға мынаны айтты: „Солдаттар! соғыс басталғаннан бері Ленинградтың оңтүстік жағындағы ұрыстарға қатысып жүрген эскер бөлімдері ауыр күндерді басынан кешіруге тура келді. Совет эскерлері Гатчинаға баратын жолдарда қорғану шебімізді бұзуды ұйғарды. Олардың ұйғарындысы іске асырылмауға тиіс. Қазірде алып тұрған майдан шебінен кайткенде айрылмауымыз керек".

Неміс комэндованиесі совет эскерлерін Гатчинаға өткізбеу үшін барлық күш-қуатын жұмсады. Алайда, Қызыл Армия немістердің қорғану шебін ойдағыдай бұзып өтті, қазірде Гатчина майдан шебінен алыста, кейін қалды.

Ленинград маңында неміс эскерлері талқандалды және адам күші мен техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшырады. 540-жазалаушы батальондағы 13-ротаның қолға түсірілген солдаты Хорст Гринберг мынаны хабарлады: „составында 800 адам бар батальонымыз 16 январьда таңертең Гладино деревнясына келді. Екі күннен кейін батальонымызда небары 70 адам ғана қалды. Қалғандарының барлығы өлді, жараланды немесе қолға түсті". Немістердің 170 дивизиясының 391-полкіндағы 2-ротаның взвод командирі фельдфебель Макс Хайдекер мынаны айтты: „Орыс артиллериясы екі сағат бойы біздің позициямызға оқ жаудырды. Біз жер үйлерде отырып, бұл қорқынышты көріністердің аяқталуын күттік. Офицерлер бізді атамыз деп қорқытып, ұрысқа қуды. Полктағы адамдардан тек бірнеше ондаған адамдар ғана қайтып келді". Екінші зенит дивизиясындағы 2-зенит полкінің аға вахмистрі Отта Зайдль мынаны айтты: „Полкімізді орыстар қоршап алды. Зеңбіректерімізді тастап, зытуға әрекеттендік, бірақ таңертең қазанға түстік те қайтып шыға алмадық. Неміс армиясы Ленинград маңында үлкен жеңіліске ұшырады". Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Неміс командованиесі фон Кюхлердің әмірі бойынша, ақырғы адамына дейін ұрысқа шығарды. Алайда, немістердің Ленинград маңында мықты бекінбек болған әрекеті іске аспай қалды,

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.

Редакцияның адресі: ҚССР. Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 12, Полиграфия және издательство басқармасының баспаханасы. ТВ 00181.